Қамқоршылық кеңес мүшелері:
Қ.А.Қалабай Г.Б.Тасболатова
С.М.Ягнисов, К.К.Жексенбáев,
Б.К.Буркиталиев, А.Фазылбек
А.Е.Тастайбекова, Б.Китайбековаға

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мамыр айының 13-і күні сағ: 17.00-де қамқоршылық кеңес мүшелерімен жиналыс өтетіндігін қаперге бере отырып, қатысуларыңызды сұрайды.

Күн тәртібінде:

- Жетім, жартылай жетім, мүжәлсіз отбасы, жағдайсыз отбасы, асырушысы жоқ отбасы, мүгедек және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың тұрмыстық жағдайы және оқу жоспары мен талаптары туралы;
- Демеушілік көмек көрсететін азаматтар мен кәсіпкерлер және мекемелерден түскен қаражат немесе заттай берілген мүліктің есептері және қайырымдылық акциясы бойынша көрсетілген көмек туралы
- Оқу жылы қарсаңында әртүрлі байқаулар мен пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға мектеп оқушыларының қатысу деңгейі
- Ағымдағы мәселелер

Қамқоршылық кеңес төрайымы **Л.Ж.Дәуэн**

Орындаған
А.Орынбасарова
87016529571

«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі Қамқоршылық кеңес отырысын ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ және ХАТТАМАСЫ

Дәулет ауылдық округі «13 » « мамыр » 2024ж.

Дәулет ауылдық округі, **Дәулет ауылы, Жаңа Дәулет тұрғын үй алабы, 125/3 ғимараты** *«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі Қамқоршылық кеңесі.*

Кеңес төрағасы Дауэн Ляззат Жаумбайқызы ашып, жүргізіп отырды.

Құрметті Қамқоршылық кеңес мүшелері, отырысқа қатысушылар!

Қамқоршылық кеңесінде 9 кеңес мүшесі бар. Бүгінгі отырысқа 7 қамқоршылық кеңес мүшелері қатысып отыр. Кворум _____.

Осы отырысқа қатысып отырғандар:

Кулмеханова Дина Тлепбергеновна – мектеп директоры;

Орынбасарова Алтынгул Каналхановна - Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары;

Абыханова Шарай Конджасаровна - әлеуметтік педагог;

Кабулова Азиза Хайитбаевна - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Досжанова Рысхан Сагиндиковна - Ата - аналар төрайымы;

Отырыс ашылуға кворум бар, ашық деп жариялаймын. Бүгін отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады.

Тыңдалды:

- Жетім, жартылай жетім, мүжәлсіз отбасы, жағдайсыз отбасы, асыраушысы жоқ отбасы, мүгедек және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың тұрмыстық жағдайы және оқу жоспары мен талаптары туралы
- 2023-2024 оқу жылында демеушілік көмек көрсететін азаматтар мен кәсіпкерлер және мекемелерден түскен қаражат немесе заттай берілген мүліктің есептері және қайырымдылық акциясы бойынша көрсетілген көмек туралы
- Оқу жылы қарсаңында әртүрлі байқаулар мен пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға мектеп оқушыларының қатысу деңгейі
- Ағымдағы мәселелер

Күн тәртібіндегі алғашқы **БІРІНШІ** мәселе бойынша алғашқы сөз кезегі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жай-күйі туралы Мусаева алды. Ол өз сөзінде мектебімізде барлығы 1698 оқушы білім алатындығын, соның ішінде 9 оқушысы ЕББҚ оқушы екендігін, оның 5 оқушысы бастауыш сыныпта оқыса, 4 оқушысы орта буында оқитындығын

айтып өтті. Осы оқушылардың арасында 1 оқушы педагог-ассистентпен бірге жұмыс жасаса, қалған оқушылар өз бетінше жұмыс жасай алатындығын баса айтты. Сыныптардың толымдылығы «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ -76 бұйрығымен реттелетіндігін мәлімдеді. Сонымен қатар оқу жылының ұзақтығы «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылға 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес белгіленгендігін айтты. ЕББҚ оқушылардың барлығы жалпы мектеп бағдарламасымен оқытылатындығын, оқу жоспары ортақ талапқа сай жасалып, жеке тапсырмалар жеңілдетілген түрде берілетіндігін баса айтты. Олардың тұрмыстық жағдайларына байланысты 6 оқушының көпбалалы толық отбасынан, 1 оқушы, толық отбасынан, 1 оқушы аз қамтылған, 1 оқушы аз қамтылған әрі үй жалдап тұратындығын бөліп айта отырып, сөзін аяқтады.

Кімде қандай сұрақ, ұсыныс пікірлер болады?

Сұрақ –жауаптар

Шешімдер қабылдау

ЕКІНШІ мәселе бойынша сөз беріледі.

2023-2024 оқу жылында демеушілік көмек көрсететін азаматтар мен кәсіпкерлер және мекемелерден түскен қаражат немесе заттай берілген мүліктің есептері және қайырымдылық акциясы бойынша көрсетілген көмек туралы

Бұл мәселе жөніндегі әлеуметтік педагог Ш.Абыханова сөз алып, төмендегідей ақпарат берді.

№	Ата-ана саны	Отбасы саны бойынша						Инклюзив оқушы	Үйден оқитын оқушы
		Толық отбасы	Толық емес отбасы	көпбалалы	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған	Жартылай жетім	Аз қамтылған		
1	889	798	92	301	3 отбасы	64	443	10	3

Өгей ата-аналармен тұратын және сәтсіз отбасындағы балаларды анықтап, нәтижесінде 17 отбасы, 26 бала, оның ішінде өгей әкемен-14 оқушы, өгей анамен- 5 оқушы тұрып жатқандығын баса айтты. Мектепішілік 02.08.2023ж. күнгі №175 –нқ бұйрығына сәйкес, жыл бойы өтетін «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында көрсетілген көмектерді төмендегі кестеге сай санамалап айтып берді.

№	Демеуші меценаттар	Көрсетілген көмек түрі	Көмек алушылар
1	Дәулет ауылдық әкімі	«Жаздық жолдама» жобасы аясында жазғы сауықтыру лагеріне 12 оқушыға жолдама	Мектеп оқушылары
2	Канджигитова Гүлзипа (ата-ана)	21 мың теңге қаржылай	Толық емес отбасына

3	Бекенов Ораз, ДТЖО	Азық -түлік	7 аз қамтылған отбасына
4	Дайнашов Ербол, ОІМ	Азық -түлік	7 аз қамтылған отбасына
5	Мектеп ұжымы	Азық-түлік 45000 теңге көлемінде	Құлсары қаласынан эвакуацияланып келген 2 отбасыға
6	Әлеуметтік педагогтер	Сумка, оқу құралдарымен	Құлсары қаласынан эвакуацияланып келген 2 отбасыға
7	Ақбергенова Гүлшат, кәсіптік бағдар беруші	Үйіне алып қондырған	Атырау қаласынан эвакуацияланып келген отбасыға
8	Кулмеханова Дина, мектеп директоры	Азық-түлңкпен қамтамасыз еткен.	Атырау қаласынан эвакуацияланып келген отбасыға
9	Жиентаева Гүлнұр асхана меңгерушісі	Азық –түлікпен қамтамасыз еткен	Құлсары қаласынан эвакуацияланып отбасыларға
10	Байсагенова Шолпан, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	Үйіне алып қондырған	Құлсары қаласынан эвакуацияланып келген отбасыны
11	«Еріктілер» тобындағы оқушылар	Памперс 20000 теңге көлемінде	Облыстық мамандандырылған балалар үйі

Кімде қандай сұрақ, ұсыныс пікірлер болады ?

Сұрақ –жауаптар

Шешімдер қабылдау

Күн тәртібіндегі кезекті ҮШІНШІ мәселе бойынша дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасар Д.Тугелбаеваға сөз беріледі.

Оқу жылы қарсаңында әртүрлі байқаулар мен пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға мектеп оқушыларының қатысу деңгейі

Ол 2023/2024 оқу жылында мектебіміздің оқушылары әртүрлі байқаулар мен пәндік олимпиадаларға қатысып, бақтарын сынады дей келе, екі жылды салыстыра отырып, 2022/23 оқу жылында аудандық пәндік олимпиадаға 57 оқушы қатысып, оның ішінде 16 оқушы жүлдегер атанса, 2023/24 оқу жылында 61 оқушы қатысып, 24 оқушы жүлдегер атанғандығын, яғни 11 пайызға өсім бар екендігін баса айтты. Байқаулар қатысқан оқушылардың дені әлеуметтік жағдайларына қарай көпбалалы отбасылардаы шыққандығын тілге тиек етті. Сонымен қатар, оқу жылында робототехникадан 8-сынып оқушылары ӘбілхановЖомарт пен Доралиев Досан халықаралық кезеңге жолдама алып, сертификат иеленгендігін, келесі

оқу жылында орын алуға жұмыстану керек екендігін мәлімдеді. Өзге да танымдық байқаулардан мектеп оқушыларының жүлделі орын алып жүргендігін мақтанышпен айтты.

Жалғызбасты ана, үйден оқитын баласы бар	Аз қамтылған, сәтсіз отбасы	көпбалалы	Көпбалалы, аз қамтылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған	Жартылай жетім
1	1	14	1	1

Жоғарыдағы кестеде байқаулар мен пәндік олимпиадаларға қатысқан (*әлеуметтік жағдайлары бойынша санатына қарай бөлінген)* мектеп оқушыларының саны ғана берілген. Бұл оқушылардың барлығы да жүлделі орындармен марапатталды -деп, сөзін аяқтады.

Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысына енгізілген мәселелердің барлығы толықтай қаралды. Кеңес мүшелері отырысының жұмысы жөнінде қандай ескертпелеріңіз немесе ұсыныстарыңыз бар?

Ендеше, ешқандай ескертпе немесе ұсыныстарыңыз болмаса, қаулыны таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Қаулы

Жетім, жартылай жетім, мүжәлсіз отбасы, жағдайсыз отбасы, асыраушысы жоқ отбасы, мүгедек және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың тұрмыстық жағдайы және оқу жоспары мен талаптары туралы оқылған баяндама мен атқарылған жұмыстар есебі «қанағаттанарлық» деп бағалансын;

2023-2024 оқу жылында демеушілік көмек көрсететін азаматтар мен кәсіпкерлер және мекемелерден түскен қаражат немесе заттай берілген мүліктің есептері және қайырымдылық акциясы бойынша көрсетілген көмектер туралы есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын;

Оқу жылы қарсаңында әртүрлі байқаулар мен пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға мектеп оқушыларының қатысу деңгейі туралы берген есебі «қанағаттанарлық» деп танылып, келесі оқу жылында да мектеп оқушылары жоғарыдан көріне берсін және оқушылардың белсенділігі арттырылсын.

Жиналыс хаттамасы мен жүрісін төмендегі сілтеме арқылы көруге болады.

https://www.instagram.com/p/C68YDQFKklS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA

Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Кеңес төрағасы **Л.Ж.Дәуен**

Кеңес хатшысы **А.Тастайбекова**